

Амирова Меруерт Оразбайевна^{*1}

PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сәтпаев көшесі 2,
mikka-o@mail.ru, ORCID ID:0000-0002-1263-5826

Уракова Ләззат Янч²

Философия докторы (PhD), «Қазіргі түркі тілдері диалектісі» кафедрасының
доценті, Анкара университеті, 06000, Анкара, Түркия,
lyanc@akdeniz.edu.tr, ORCID ID:0000-0003-4911-9910

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТҰРМЫСЫНДАҒЫ ЫДЫС-АЯҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының тамақтану жүйесіндегі ыдыс-аяққа қатысты қолданылатын тыйымдар мен әдеттер талданады. Бұл дәстүрлі қазақ қоғамының негізгі құндылықтар жүйесі ретінде қаралып, әр ыдыстың қолдану тәртібі мен халық арасындағы сақталған салт-дәстүрлер ұсынылып отыр. Мақаланың мақсаты халықтың күнделікті тіршілік жүйесіндегі ыдыс-аяққа қатысты ұстанған әдеттер мен тыйымдарды, дәстүрлерді талдау. Автор бұл үшін арнайы этнографиялық әдебиеттер мен деректерді пайдаланып, информаторлардан алған мәліметтерін пайдаланған. Осы деректер мен әдебиеттерді тарихи салыстырмалы әдістер, этнографиялық бақылау, дискурсивті салыстыру сияқты арнайы әдістерді қолданған. Нәтижесінде қазақ халқының әдеттерінің басым көпшілігі тұрмыс жағдайында отбасылық дәстүрлерге, соның ішінде тамақтану жүйесіне, ыдыс-аяқтың төңірегінде қалыптасқаны анықталып отыр. Бұл этнографиялық еңбектердің кейбір көрінбеген тұстарын қайта зерделеуді қажет ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетіндегі жиі қолданылатын ауыз-екі күнделікті тарихи әңгімелердегі мақалдар мен нақылдарды да зерттеу мақаласында қолданылды.

Кілт сөздер. Әдет-ғұрыптар, ыдыс-аяқтар, қымыз, саба, шай, қолөнер, тері илеу, үй, күміс, фарфор өнімі.

Кіріспе. Қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде материалды құндылықтармен қатар, материалдық емес мәдениеттің және қолданыстағы жиһаз-бұйымдарды сақтап, дамыту үшін көптеген амалдар атқарылды. Соның біраз бөлігі ыдыс-аяқтың қолданылуы тұрғысында атқарылады. Дәстүрлі қоғамда қазақтар ыдыстың жасалуына, ыдыс материалына, қолдануына қатысты көптеген ырымдар, тыйымдар мен әдеттерді атқарды. Бұл ырым тыйымдардың орындалуы сол кездегі қажеттілікке байланысты туындады. Сонымен қатар, отбасылық дастарханда, ірі жиындар мен мерекелердегі орындалатын әдеттер қазақ халқының мәдениетінің құрамды бөлігін құрады. Соның ішінде табақ тарту, сарқыт қалдыру, келінге сарқыт қалдыру, табаққа сәлем салу және т.б. көптеген жоралғылар қазақ халқының өмірлік қажеттілігінен туындады.

Қазақтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары үй ішілік яғни отбасылық және адамдардың басқа да топтары арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттеуде үлкен рөл атқарды. Қазақ халқына қонақжайлылық қасиет өте ертеден тән. Бұл қасиет қазақтарға ғасырлар бойы қалыптасып, олардың сүйегіне ежелден сіңген қасиеттердің бірі. Үйге кірген қонақ әрдайым үй егесінің қорғауы мен қамқорлығында болған. Қазақтарда үйге келген кез-келген қонаққа тегін қонақасы беру, оған ыңғайлы төсек-

орын салып, қондырып жіберу әдет-ғұрпы ертеден бар. Үйге кірген кез-келген адамды дәмнен ауыз тигізбей жібермейтін яғни қуыс үйден құр шығармайтын болған.

Бұл дәстүрлердің ғасырлар бойы жетіліп дамып отыруы қазақ қоғамының дамығанымен байланысты болды. Отбасылық әдеттер мен дәстүрлердің жетілуі қазақ халқының отбасылық қатынастарының ХХ ғасырдың соңына дейін сақталып, жалғасын тауып келгенін байқауға болады. Қазақ отбасындағы отбасылық әдеттер мен ырымдарды күнделікті тамақтану жүйесі мен ыдыстар арқылы талдау этнографиялық тұрғыдан жаңа зерттеу бағытын анықтайды. Бұл қазақ халқының өмір тіршілігіндегі отбасы құндылықтарының материалдық емес мәдени мұра ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің нәтижесі мен талдауы. Мақаланың зерттеу объектісі қазақтың дәстүрлі тұрмысындағы ыдыстарға байланысты әдеттер мен ырымдарды салыстыру, ырым мен тыйымдардың тамақтану жүйесіндегі орнын анықтау. Бұл тұрғыда зерттеу жұмысының негізгі деректік базасы ретінде археологиялық артефактілер мен қазақтың материалдық мәдениетіндегі ыдыстардың қолданысы, музей материалдары және автордың этнографиялық бақылау жұмыстары болып табылады. Аталмыш материалдар мен деректерді автор тарихи салыстырмалы әдістер, этнографиялық бақылаулар арқылы дискурсивті талдаулар жасаған. Сонымен қатар, музей материалдарын тиімді пайдаланып, мақаланың мақсатына қарай тиімді қолданған.

Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқының ыдыс-аяқтарына байланысты зерттеу жұмыстары бірнеше бағытта жазылған. Соның үлкен бөлігі қазақ жерінде өмір сүрген түркі халықтарының археологиялық ескерткіштерінен табылған ыдыстарға байланысты болып табылады. Сол сияқты археологиялық зерттеулердегі ыдыстардың қолданысы мен жерлеу ғұрыптарындағы мақсаты жазылады. Мысалы, Есік қорғанынан табылған күміс және қыштан жасалған ыдыстар болып табылады. Мысалы, К. Акишев өзінің «Курган Иссык» атты еңбегінде Есік қорғанынан табылған қыш құмыраларға тоқталады [1]. Археологиялық зерттеулердің ішінде К. Байпаковтың да Оңтүстік Қазақстан территориясынан табылған деректері жеткілікті. Зерттеуші мұны «Поселения саков и усуней на территории Жетысу и Алматы» еңбегінде жан-жақты талдайды [2]. Ал, А.С. Аманжолов болса, Есік қорғанынан табылған күміс тостағанды зерттеп, ондағы жазуды оқыды. Ол өзінің «История и теория древнетюркского письма» атты еңбегінде түркі заманына жататын ескерткіштерге талдау жасай келе, өзінің күміс тостағандағы жазуға да ерекше тоқталған [3]. Сол сияқты М. Жолдасбеков пен Қ. Сартқожаұлының «Орхон ескерткіштерінің толық Атласы» еңбектерінде Моңғолиядағы көне түркі жазба ескерткіштеріндегі өзекті мәселелерге тоқталды [4]. Сонымен қатар, Ж. Бейсенбайұлы, Л. Тұрғанбаева сияқты зерттеушілердің еңбектерінде түркі заманындағы ыдыстардың семантикасы мен негізгі қажеттіліктері беріледі. Ал, И. Шевнинаның «Неолит дәуіріндегі Торғай тайпаларының қыш өндірісі» атты зерттеу еңбегінің құрылымы мен қарастырған мәселелері де өзгеше, мысалы бұл еңбекте мақанжар мәдениетіне тиесілі қыш ыдыстардың техникалық және технологиялық ерекшеліктері, ыдыс бетіне салынған жануарлар бейнесін зерттеуге, қыш ыдыстарды жасау өндірісінің сүйектен жасалған құралдары жан-жақты қарастырылады [5]. Сонымен қатар қазақтың дәстүрлі тамақтану жүйесіне байланысты Д. Қатранның «Қазақтың дәстүрлі ас тағам мәдениеті» [6], А.Ш. Жылқыбаеваның «Термины питания в казахском языке» [7], З.К. Сурағанованың «Обмен дарами в казахской традиционной культуре» [8] еңбектері маңызды зерттеулер болып табылады.

Қазақ халқы ғасырлар бойы көшпелі өмір салтына ұстана келе шаруашылыққа қолайлы қажетті үй жиһаздары мен құралдар жинады. Соның ішінде көшіп қонуға ыңғайлы үй жиһаздары ыдыстарды тасымалдауға өте тиімді болды. Бұл халық ішінде ыдыстарды сынбайтын әр түрлі материалдардан жасау қажеттілігін арттырды. Мұнда

ыдыстарды негізінен ағаштан және теріден, металдан жасалғанын байқауға болады. Жасалған ыдыстардың қолданысы мен тасымалдануы көшпелі тұрмыста маңызды әдеттер мен ырымдарға және салт-дәстүрлерге ұласып жатты.

Қазақтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары отбасылық және адамдардың басқа да топтары арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттеуде үлкен рөл атқарды. Қазақ халқына қонақжайлылық қасиет өте ертеден тән. Бұл қасиет қазақтарға ғасырлар бойы қалыптасып, олардың сүйегіне ежелден сіңген қасиеттердің бірі. Үйге кірген қонақ әрдайым үй егесінің қорғауы мен қамқорлығында болған. Қазақтарда үйге келген кез-келген қонаққа қонақасы беру, оған ыңғайлы төсек-орын салып, қондырып жіберу әдет-ғұрпы ертеден бар.

Қазақ халқының отбасылық дәстүрлерінде тамақтану жүйесінде қолданылатын әрбір ыдысқа байланысты дәстүрлері мен әдеттері сақталған. Мысалы, ас салатын табаққа қатысты ырымдар мен дәстүрлер бар. Соның ішінде күнделікті тамақ ішкеннен кейін келіннің табаққа сәлем салу дәстүрі бар. Мұны батыс қазақтары жақсы ұстанды. Табаққа сәлем салу ас ішіліп болған соң, ас қайыру алдында орындалады. Ол үшін бас табақта отырған ақсақалдар өз табақтарынан келінге арнайы сарқыт алып қалады. Яғни табақты толығымен тауыспай арнайы сарқыт алынып қалады. Сосын келінге табақты беріп, келін табақты алып тұрып сәлем салады. Үлкендер оған «Бақытты бол» деп батасын береді. Сарқыт алған келіндер табақтағы сарқыттан ауыз тиеді. Келін батасын алған соң жалпы ас қайырады. Келінге сарқыт қалдыруды қазақтың «Сары табақтан сарқыт қайтар» деген мақалымен байланысты екенін түсінуге болады [9].

Жалпы табақ тек қана ыдыс ретінде емес, сонымен қатар қонақ күтудің әдебі ретінде де өлшенген. Мысалы келген қонаққа тартылатын табақтың бірнеше түрі болды. Бас табақ, сый табақ, орта табақ, қос табақ, кежім табақ, күйеу табақ т.б. Үлкен астарда табақты жорғамен тартқан кездері де болған. Мұны белгілі күйші Қазанғаптың «Тор жорғамен табақ тарту» деген күйінде де сипатталады.

Қазақ халқының тұрмысында ыдыстардың ішінде қазанның маңызы өте жоғары болды. Қазан қазақ тарихында өте құнды және бағалы, қасиетті ыдыс болып саналды. Қазанға байланысты қазақ халқында көптеген нақыл сөздер, ырымдар мен тыйымдар өте көп. Мысалы, «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген нақыл сөз бар. Мұнда қазанның ел ішінде қасиетті екенін және сирек кездесетін ыдыс екенін түсінуге болады. Себебі, қазақтарда құрт қайнатып жатқан үйге қонақ болып бара қалса, ол үйден ас ішемін деп дәмеленбейтін болған. Мұнда құрт ұзақ қайнайтын болғандықтан, әр үйде жеке-жеке қазан болмағандығын көрсетеді. Құрт қайнатып отырған қазанды босатып тастап ет асуға мүмкіндік болмаған. Сондықтан қазан еліміздің киелі ыдысы ретінде саналған. Ел ішінде үлкен астар мен тойларды бергенде жақын ауылдардан қазан сұратып алып пайдаланған. Той біткеннен кейін қазандарды иелеріне қайтарғанда бос қайтармай ішіне сарқыт салып беретін болған. Оны «қазантүп» деп атады. Жалпы қазан түп беру қазақ халқының барлығына ортақ жалпыласқан дәстүр болып табылады. Сол сияқты қазанды көшіп қонғанда аса ұқыптылықпен тасымалдаған. Оны жоғары қойып, ит жаламайтын етіп қадағалаған. Иттің қазанды жалауынан қауіптенген қазақтар «қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген сияқты тұспалды тәмсілдер айтқан. Қазанды төңкеру еліміздің өмірінде жаман ырым болып саналды. Бұл жаугершілік замандарды еске түсірді. Қазан бұл киелі, қасиетті ұғымы ошақпен тікелей байланысты болды. Қазан ошақ үйдің берекесі саналды. Қазан ошақтан шыққан от сол үйдің берекесі, тіршілік ету үшін құлшынысын білдірді. «Ошағынан қазаны түспесін» деп бата беру қазақтар арасында үлкен маңызға ие болды. Шаңырақтың түтінін түтету де осы қазан ошақтың берекелі болуына байланысты болды. «Қазан көтеру» деген ұғымды қазақтар

ас дайындау деп түсінді. Сондықтан жолаушылап келе жатқан жолаушылар түтіні шыққан ауылға қарай «құдайы қонақ» болып түсетін болған.

Қазақ қоғамындағы қазанның бірнеше түрлері болды, олардың ішінде ең үлкенін тайқазан деп атады. Тайқазанға бір жылқының еті сыйып кететін болған. Оған мысал ретінде Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде сақталған Тайқазанды келтіруге болады [10; 180]. Жалпы мұндай тайқазандар әрбір қазақтың байында болған. Қазақ байлары үлкен астарда осындай тайқазандарды пайдаланып ет асқан. Сонымен қатар, Доңызтау өңірі қазақтарының ішінде Мендалы ұста өз дүкенінің алдына тайқазан астырып, елден еңбегі үшін алған тай, қой және басқа малдарды сойдырып тайқазанға астырып ауылдастарына таратып отырған. Бұл сол кездегі қазақ мырзаларының бір ауылды бағып өткенін көрсетеді. Сол Батыс қазақтарының «Алпыс кісінің толғауы» жырында «Айтулы тұрған азан бар, асулы тұрған қазан бар» деп бастауы бекер емес.

Қазақта «шаңырақтан қара қазан кетсе, үйден ырыс кетеді» деген нақыл сөз бар. Сондықтан да қазақ қазанды сыйға бермеген. Аталарымыз қазанды тіршіліктің қайнар көзі, үйдің ырысы деп санаған. Қандай қиын-қыстау күнде де қазақ қара қазанын ескі жұртқа тастамаған, тіпті алып жүру мүмкін болмаған жағдайда қазанды өзінің ырымын жасап көміп кетіп отырған. Ондағы мақсаты үйден қазан кетсе «ырыс-несібеміз, құтымыз кетеді» деп санаған. Киесі бар қазанның күйесінің өзі ем саналды. Көз тимесін деп жас баланың маңдайына қазанның күйесін жағатын.

Көне зираттарда төңкерілген қазан жататын. Мұны бейіт басындағы төңкерілген қазан «марқұмның артында тұяғы қалмады, оты өшті» дегенді білдіреді екен. Үлкендердің «Қазанды төңкерме» деп ұрысатыны осыдан шықса керек. Сонымен қатар, қыздың жасауына ешқашан қазан бермеген. Дүниеден өткен кісінің моласы бұзылып, жақындарының түсіне кіріп мазаласа, басына қазан апарып қойған. Қайтқан кісінің соңынан туыстары ауру-сырқаусыз, белгісіз себеппен өле берсе, құран оқытып, басына қазан төңкерткен. Суға батып кеткен адамды қазан арқылы тапқан. Адам суға кетсе, үйіндегі қазанын төңкеріп суға жібереді. Әлгі қазан адам батқан жерді айнала жүзіп тұрады екен.

Қазанды сындыру – отбасын ойрандау саналса, төңкеру – аштық пен жоқшылық нышаны деп қабылданған. «Жеті жарғыда» өлім жазасына кесілген жан жеті айып төлеп құтыла алады. Оның біріншісі – қара қазан беру. Қара қазан өте қасиетті дейтініміз, сәби тіл-көз тиіп ауырып қалғанда, қазанның құлағынан қара күйе алып ұшықтағанда жазылып кететіні және таңдай тісі шыққанда да оны саусақты күйелеп басады. Қазанның қақпағын жауып қояды. Ішін тазартып жуып болған соң суын сарку үшін төңкеруге болмайды. [11].

Қазақтың тамақтану жүйесінде шәйдің де алған орыны айтарлықтай. Шәй қазақ қоғамына кейінгі ғасырларда келгенімен көшпелі өмірде біршама тез тарап, дәстүрлі сусынға айналып үлгерді. Қазақтар қара шәйге сүт қосып ішкен, Батыс қазақтары оған тары қосып ішкен [12; 223]. Шәйді әр аймақтың қазақтары әр түрлі тәртіппен ішкен. Кейбір аймақтарда кесені толтырып ішсе, Мұғалжар мен Ырғызда орта кесе, Қызылқұмда бір ұрттар кесенің түбіне құйып ішкен [13; 35-36.].



1 - сурет. Кесе. ҚР Ұлттық музей қорынан. XIX ғ. аяғы



2 - сурет. Кесеқап. ҚР Ұлттық музей қорынан. XX ғ. басы

Батыс қазақтарының шәй құю дәстүрі қатаң сақталып арнайы әдетке айналған. Мысалы, шәйді кесеге бір деңгейде құю, кеселерді ауыстырмай беру, шәйдің желісін үзбеу және т.б. Шәйдің желісін үзбей, суып қалмауы келінге үлкен сын болған. Бұл жөнінде Қазанғаптың «Шыныаяқ тастар» деген күйі бар. Оқиға шәйі суып қалған күйшінің келінге қайта-қайта шыныаяқты көрсетіп күймен жеткізуі. Сол сияқты сол өңірде Жұпар деген келін болған, оның шәй құю ерекшелігі батыс қазақтары арасында кең таралып, «Бөтен үйден ет жегенше, Жұпардыкінен шәй ішкен артық» деген сөз қалған [9].

Шәй ішу дәстүріндегі кесенің орны ерекшеленді. Кесе, тостаған сияқты ыдыстар сұйық сусынға арналды. Кесемен шәйден басқа қымыз, шұбат, айран, шалап ішілді. Маңғыстау қазақтарын Р. Карутц күніне 10 кесеге дейін шәй ішеді деп жазды. Шәйға қазақтар қойдың, сиырдың сүтін қатып ішті. Ал Маңғыстау, Үстірт қазақтары шәйға түйенің сүтін қосып ішкен.

Жалпы, қазақтар жырық ыдыстан, жырық кеседен ас ішпеген. Мұны жамандыққа балап, ырыстың төгілуімен түсіндірген. Қазақтардың ортасында шәй ішу үлкен салтанатқа айналды. Үлкен астар мен тойларда абыройлы билер мен жырауларға шәйді жақсы құятын келіндер сайланды. Сонымен қатар, бір адам «кесе әперуші» болып отыратын. «Кесе әперуші» әр бір кесенің шатаспай берілуін қадағалаған. Кесені оң қолмен беріп ұсынған. Кеселерді көшіп қонып жүргенде сынып қалмауы үшін арнайы теріден немесе ағаштан кесеқап жасап алатын болған. Бұл кеселерді тиісті дәрежеде сақтауға жағдай жасады.

Қазақтың дәстүрлі тұрмысында көптеген ыдыстардың түрі болды. Солардың көпшілігі ас дайындауға арналған ыдыстар. Мысалы, келі, күбі, саба және т.б. Келі арнайы қатты ағаштан жасап тары, талқан үгу үшін пайдаланды. Ал күбі қымыз, айран пісу үшін арналды. Көпшілігінде қымыз дайындағанда күбіні майлап, тобылғы немесе киікотынның түтініне ыстаған. Бұл қымыздың дәмін ерекше етіп, хош иіс берген. Күбі көпшілігінде киіз үйге кіре берісте орналасқан. Әдет бойынша әрбір үйге кіруші адам піспекті бір шайқап өтетін болған. Бұл қымыздың тез дайындалуына мүмкіндік берген.



3 - сурет. Күбі піспегімен. ҚР
Ұлттық музей қорынан. XX ғ.



4 - сурет. Саба тұғырымен. ҚР
Ұлттық музей қорынан. XX ғ.

Бұл жөнінде мынадай оқиғаны мысалға келтірсе болады. «Жолаушылап келе жатқан бір ақын, шөлдеп бір үйге жақындап «хабарлас» деп айқайлайды. Үйден жас келіншек шығып үйде ешкім жоқ екенін айтып, бір тостаған айран ұсынады. Сонда әлгі ақын:

Уа айналайын айран,
Келдің маған қайдан.
Қатындармен алысып,
Күбіменен жұлысып.
Айырылыпсын ғой майдан.

Не де болса ішейін,

Тәуірсің ғой шәйдан. - деп қағып салыпты. Міне бұл жерде сол кездегі қазақтардың күнделікті тіршілігін байқауға болады [9].

Жалпы алғанда дәстүрлі қазақ қоғамында ыдыстарға байланысты тыйымдар мен әдеттер өте көп. Бұл қонақ күту, тамақтану жүйесі және басқа да тіршілік қамы жүйесінде араласып біте қайнасып кеткен. Соның бірі «қолға су құю» дәстүрі. Келген қонақтың қолына су құю түркі халықтарына ортақ дәстүр десек болады. Ал, қазақтар арасында қолға су құю ас алдында және астан кейін екі рет жүргізілді. Қолға су құю үшін үйдің кенже баласы құманға қан жылым су құйып, бір иығына сүлгі іліп, екінші қолына легенмен киіз үйге кіріп келіп, алқа қотан отырған қонақтардың қолына су құяды. Суды ас алдында құйғанда аяқ жақта отырған адамнан бастап құя береді. Ал ас желініп, бата жасағаннан кейін суды бата берген адамнан бастап құяды. Сондықтан қазақта «бата бастан, су аяқтан» деген сөз қалған. Су құюшы балаға үлкендер «өркенің өссін, бакытты бол, дегеніңе жет» деп баталарын береді. Сондай-ақ үйде өлім аузында, хал үстінде жатқан адам болса ыдыстарды бөлек үйге жинастыру ырымдары да болған. Сол сияқты кейбір өңірде жаны шықпай қиналып жатқан адамның жаны жеңіл шығу үшін ыдыс сындыру ырымдары да сақталған. Ыдыстарды құсбегілікте құсты ұстау үшін қолданылғаны, оның ырымдары бар екені айтылады.

Қорытынды. Мақалада қазақ тұрмысында ыдыстарға қатысты әдеттер мен дәстүрлер сипатталып, оның сол кездегі өмір қажеттілігінен туындағаны анықталды. Әрбір дәстүр мен әдеттің ыдыстарға байланысты тұстары беріліп, оның мәні мен мағынасы салыстырылды. Ыдыстарға байланысты әдеттер мен оның қолданысы қазіргі қоғамдағы орны, сақталу дейгейі қарастырылды. Мақалада ыдыстардың әдеттер арқылы ырымдарға ұласқан кейбір тұстары әлі де болса анықтауды қажет етеді. Көшпелі қазақ халқы ыдыс-аяқ түрлерін материалдық мәдениеттің бір саласы ретінде молшылық пен тоқшылықтың, ырыс пен берекенің бастауы деп қадір тұтқан. Себебі ырым, сенім бойынша іші қуыс, ауыз жағы жоғары қараған ыдысқа тәңірі несібе береді екен деп сенген. Сондай-ақ, дәм-тұз татып деген сөздер де адамдарды өзара жақындастыру үшін айтылған болуы керек. Ыдыс-аяқ дәмдес, дастарқандас адамдардың арасындағы өзара сыйластық қарым-қатынастың дәнекері ролін атқарады. Қыз жасауында анасы өз қызына табыстайтын ыдыс-аяқ қыздың көрегенділігінің бір белгісі болса керек (анасын көріп қызын ал, ыдысын көріп асын іш). Көшпелі халықтың ыдыс-аяқтар тұрмыс салтына сай көбінесе жоғарыда айтылғандай ағаштан және теріден жасалған. Ағаш және теріден жасалған үй бұйымдары көшіп-қону уақытында оңайлықпен сынбайтын және бүлінбейтіндігімен ерекшеленген. Табақ, шара, тегене, тостаған, саптыаяқ, асадал және т.б. теріден жасалған көнек, мес, саба, сүйретпе шелек т.б. ыдыс-аяқтарды пайдаланғанда ертеден қалыптасқан ырым-тыйымдар мен ғұрыптарды қатаң сақтаған. Мысалы, ақты ерекше қастерлеуге байланысты оны тұтынатын және сақтайтын ыдыстар ерекше ғұрыптық мәнге ие болған. Әсіресе той-томалаққа қымыз немесе басқа да ақ түрлерін құйып апарған саба немесе месті бос қайтармаған. Өйткені ақ құйылған ыдыста құт бар деп есептеген. Солардың арасында металдан жасалған ыдыс-аяқтардың ішінде қазан мен ожау (шөміш) те киелі деп саналған. Ыдысқа қатысты жөн-жоралғылар мен ырым-тыйымдардың бастылары қазанмен байланысты болған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Акишев, К.А. Курган Иссык: искусство саков Казахстана [Текст] / К.А. Акишев // Ан КазССР; Ин-т. истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. – М.: Искусство, 1978. – 130 с.

2 Байпаков, К.М. Поселения саков и усуней на территории Жетысу и Алматы

[Текст] / К.М. Байпаков – Алматы, 2008. – 173 с.

3 Алтаев, А.С. История и теория древнетюркского письма [Текст] / А.С. Алтаев – Алматы: «Мектеп», 2003. – 368 с.

4 Жолдасбеков, М., Сартқожаұлы, Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы [Текст] / М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.

5 Шевнина, И.В. Неолит дәуіріндегі Торғай тайпаларының қыш өндірісі [Текст] / И.В. Шевнина – Астана: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2014. – 236 б.

6 Қатран, Д. Қазақтың дәстүрлі ас тағам мәдениеті [Текст] / Д. Қатран – Алматы, 2002. – 197 б.

7 Жилкубаева, А.Ш. Термины питания в казахском языке [Текст] / А.Ш. Жилкубаева // Автореф. дисс. на соиск. канд. фил. наук. – Алматы, 1991. – 22 с.

8 Сурағанова, З.К. Обмен дарами в казахской традиционной культуре [Текст] / З.К. Сурағанова – Астана, 2009. – 192 с.

9 Д. Жайлыбайдың далалық материалдары [Текст] / Алматы, Ақтөбе облыстары, 2021.

10 Смағұлов, О. Өмірімнің мәні мен сәні [Текст] / О. Смағұлов – Алматы: AmalBooks баспасы, 2023. – 256 б.

11 Асқарқызы, Г. Киеннен айналайын, қара қазан [Текст] / Г. Асқарқызы // Ақмешіт апталығы, 2023

12 Традиционная пища как выражения этнического самосознания [Текст] / Москва: Наука, 2001. – 293 с.

13 Бекназаров, Р.А. Казахи Северного Приаралья в XIX - начале XX вв. (историко-этнографическое исследование) [Текст] / Р.А. Бекназаров // Автореф. на соиск. Ученой степени доктора ист. наук. – Алматы, 2010. – 61 с.

REFERENCES

1 Akishev, K.A. Kurgan Issyk: iskusstvo sakov Kazahstana [Kurgan Issyk: the art of the Saks of Kazakhstan]. An KazSSR; In-t. istorii, arheologii i jetnografii im. Ch.Ch. Valihanova, M.: Iskusstvo, (1978):130 s. – (In Rus)

2 Bajpakov, K.M. Poselenija sakov i usunej na territorii Zhetysu i Almaty [Settlements of Saks and Usuns on the territory of Zhetysu and Almaty]. Almaty, (2008): 173 s. – (In Rus)

3 Altaev, A.S. Istorija i teorija drevnetjurkского pis'ma [History and theory of ancient Turkic writing]. Almaty: «Mektep», (2003): 368 s. – (In Rus)

4 Zholdasbekov, M., Sartkozhauly, K. Orhon eskertkishterinin tolyk Atlasy [Full Atlas of Orkhon monuments]. Astana: Kultegin, (2005): 360 b. – (In Kaz)

5 Shevnina, I.V. Neolit dauirindegi Torgaj tajpalarynyn kysh ondirisi [Pottery production of the Sparrow tribes of the Neolithic era]. Astana: A.N. Margulan atyndagy Arheologija institutynyn Astana kalasyndagy filialynyn baspa toby, (2014): 236 b. – (In Kaz)

6 Katran, D. Kazakhtyn dasturli as tagam madenieti [Traditional Kazakh food culture]. Almaty, (2002): 197 b. – (In Kaz)

7 Zhilkubaeva, A.Sh. Terminy pitanija v kazahskom jazyke [Nutrition terms in the Kazakh language]. Avtoref. diss. na soisk. kand. fil. nauk, Almaty, (1991): 22 s. – (In Rus)

8 Suraganova, Z.K. Obmen darami v kazahskoj tradicionnoj kul'ture [Exchange of gifts in the Kazakh traditional culture]. Astana, (2009): 192 s. – (In Rus)

9 D. Zhajlybajdyn dalalyk materialdary [Field materials of D. Zhailybay]. Almaty, Aktobe oblystary, (2021): – (In Kaz)

10 Smagulov, O. Omirimnin mani men sani [The meaning and fashion of my life]. Almaty: AmalBooks baspasy, (2023): 256 b. – (In Kaz)

11 Askarkyzy, G. Kiennen ajnalajyn, kara kazan [Kiennen ajnalajyn, kara kazan]. Akmeshit aptalygy, (2023): – (In Kaz)

12 Tradicionnaja pishha kak vyrazhenija jetnicheskogo samosoznaniya [Traditional food as an expression of ethnic identity]. Moskva: Nauka, (2001): 293 с. – (In Rus)

13 Beknazarov, R.A. Kazahi Severnogo Priaral'e v XIX - nachale XX vv. (istoriko-jetnograficheskoe issledovanie) [Kazakhs of the Northern Aral Sea region in the XIX - early XX centuries (historical and ethnographic research)]. Avtoref. na sois. Uchenoj stepeni doktora ist. nauk. Almaty, (2010): 61 s. – (In Rus)

ТРАДИЦИОННЫЙ БЫТОВОЙ ЭТИКЕТ КАЗАХОВ, СВЯЗАННЫЙ С ДОМАШНЕЙ УТВАРЬЮ

Аннотация. В статье анализируются обычаи и этикет, используемые в системе приема пищи питания казахского народа относительно блюд. Это рассматривается как основная система ценностей традиционного казахского общества, представлены порядок употребления каждого блюда и традиции сохранившиеся в народе. Цель статьи - проанализировать обычаи, запреты и традиции народа в системе жизнеобеспечения. Для этого автор использовал специальную этнографическую литературу а также информацию полученную от информаторов. Для обработки этих данных и литературы использовались специальные методы, такие как исторические сравнительные методы, этнографические наблюдения, дискурсивное сравнение. В результате установлено, что большая часть этикетов казахского народа сформировалась в контексте семейных традиций, в том числе системы питания и домашней утвари. Это показывает, что некоторые скрытые аспекты этнографических работ нуждаются в переосмыслении и дополнительных исследований. Кроме того, в исследовательской статье использованы пословицы и поговорки из повседневных исторических повествования, часто используемые в народной литературе.

Ключевые слова. Обычаи, посуда, кумыс, саба, чай, ремесла, дубление кожи, дом, серебро, фарфоровые изделия.

KAZAKH TRADITIONAL HOUSEHOLD DISHWARE-RELATED ETIQUETTE

Abstract. The article analyzes the customs and habits used in the food system of the Kazakh people regarding dishes. This is considered as the main value system of traditional Kazakh society, the order of eating each dish and the traditions preserved in the people are presented. The purpose of the article is to analyze the customs, taboos and traditions of the people in the life support system. For this, the author used special ethnographic literature and data, as well as information obtained from informants. To process these data and literature, special methods were used, such as historical comparative methods, ethnographic observations, discursive comparison. As a result, it was found that most of the habits of the Kazakh people were formed in the context of family traditions, including the food system and **household utensils**. This shows that some hidden aspects of ethnographic works need to be rethought. In addition, the research article uses proverbs and sayings from everyday historical stories, often used in folk literature.

Key words. Customs, dishes, kumyz, saba, tea, crafts, leather tanning, house, silver, porcelain.